



БҰЙРЫҚ

2 қараша 2022 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 886 – ЦЗ

город Нур-Султан

Нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының темір жолдарының жалпы пайдаланылатын жолдары бойынша жүретін, меншіктіліктің барлық нысандарындағы жолаушылар вагондарының есепке алу жүйесін реттеу шеңберінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық бекітілсін.

2. «Нұсқаулықты бекіту туралы» 2021 жылғы 14 мамырдағы №360-ЦЗ бұйрығының күші жойылған болып танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Бас инженер - Техникалық саясат департаментінің директоры Б.Қ.Котыревке жүктелсін.

**Басқарма Төрағасының
орынбасары**



Қ.Әлмағамбетов

Орынд. Канафинова А. – ТЦТС
8 (7172) 604207, моб. 87016244325

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы



Акционерное общество
«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

«Қазақстан темір жолы»
ұлттық компаниясы»
акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасы орынбасарының
2022 жылғы « 2 » *қорықаралар*
№ 886-43 бұйрығымен
бекітілген

**Жолаушылар паркі вагондарының
заттай санағын жүргізу жөніндегі
ҮЛГІЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

2.0 редакциясы

Құжаттар тобы:	нормативтік-техникалық құжаттама
Әзірлеуші:	Техникалық орталық
Құжатты талдау және оған өзекті сипат беру үшін жауапты:	Техникалық орталық

Астана – 2022 ж.

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулық

2.0 редакциясы

19-беттің 2-беті

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	3
2 Терминдер, ұғымдар мен қысқартулар	4
3 Санақты ұйымдастыру тәртібі	5
4 Санақ жүргізу тәртібі.....	7
5 Санақ материалдарын өңдеу тәртібі.....	10
6 Санақ қорытындылары.....	11
1-қосымша. 20__ жылғы санақ бойынша жолаушылар вагондарының тізімі ...	13
2-қосымша. 1520 мм жолтабанды жолаушылар вагондарының болуы туралы №2 нысанды акт	15
3-қосымша. Вагондар санағы бойынша ЦДАЦ деректері (салыстырып тексергенен кейін).....	17
4-қосымша. 20__ жылғы вагондар санағы материалдарын қабылдау қорытынды хаттамасы.....	18
Библиография.....	19

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 3-беті

1 Негізгі ережелер

1. Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағы (бұдан әрі – Санақ) Компания Басшылығы шешімінің негізінде жүргізіледі.

2. Санақ жүргізетін күн мен қосымша шарттары Компания Басшылығының бұйрығымен белгіленеді.

3. Санақ осы Нұсқаулықтың 2-тармағында белгіленген күннен бастап он күндік мерзімде жүргізіледі.

4. Меншіктілік нысанына қарамай, Жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдармен қатынайтын, сегіз таңбалы нөмірі бар, Қазақстан Республикасының резиденттері жеке және заңды тұлғалардың барлық жолаушылар вагондары санаққа жатады.

5. Жолаушылар вагондарын есепке алу бірлігі – жеке вагон болып табылады.

6. Өздерінің қайда тұрғанына қарамастан, жолаушылар вагондары ішінде санаққа және есепке алуға жатпайтындар:

жолаушылар вагондары негізіндегі арнайы вагондар (өрт сөндіру-қалпына келтіру вагондары, жол өлшегіштер, байланыс ұтқырлары, вагон-зертханалар, инфрақұрылым объектілеріне қызмет көрсетуге арналған оперативтік-жөндеу жұмыстарын жүргізетін персоналды тасымалдауға және сүйемелдеуге арналған вагондар);

Темір жол әкімшіліктерінің 12 таңбалы нөмірлері бар вагондар, сондай-ақ «үшінші» елдерге тиесілі вагондар;

сегіз таңбадан аз нөмірлері бар вагондар;

ҚР аумағында айналым станциясына дейін транзитпен өтетін немесе рейстерді орындайтын теміржол әкімшіліктерінің меншікті вагондары.

7. Санақты ЦЛ, ДО, ЦЛ өңірлік филиалдары жұмыскерлері, ВЧД өкілдері және жеке меншік тасымалдаушылар өкілдері ішінен арнайы құрылған санақ бригадалары жүргізеді:

құрастыру станцияларының станциялық жолдарында және жалпы пайдаланатын жолдарда;

Жалпыға ортақ пайдаланылмайтын жолдарда – қызмет көрсетілетін кәсіпорындар, ұйымдар өкілдерінің, вагондардың меншік иелерінің/жалға алушылардың қатысуымен.

8. Қазақстан Республикасы аумағында жалға алу құқығында пайдаланылатын және Қағиданың [1] 17-тармағының 2-тармақшасының нормасына бағынатын теміржол әкімшіліктерінің меншікті вагондары осы Нұсқаулықтың 4-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен санаққа жатады.

9. Санақ жүргізу сәтіне поездарда қозғалыста болған вагондар, санақ жүргізу үшін жеткілікті тұрағы болатын құрастыру станциясына келгеннен кейін санаққа алынады. Ол үшін вагонды пайдаланатын тасымалдаушы станцияға келіп жатқан/кетіп жатқан және Санақтан өткен вагондардың есебін жүргізеді.

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 4-беті

10. Санақ жүргізу үшін жауапты ЦЛ басшысы, вагондардың Санақпен қамтылуын дайындау сапасы, толықтығы үшін, сондай-ақ Санақ нәтижелері туралы ақпаратты ТЦ және ЦДАЦ-қа дер кезінде ұсыну үшін жауапкершілікте болады.

2 Терминдер, ұғымдар мен қысқартулар

1. Осы Нұсқаулықта келесі терминдер, ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

АБД ВПП (НИС ЖА КЗХ)	- Жолаушылар паркі вагондарының автоматтандырылған деректер банкі (Қазақстан теміржол әкімшілігінің ұлттық ақпараттық жүйесі (жол деңгейінің))
Бланк ВЧД	- Арнайы санақ құжаты - «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС «ЖТ бөлімшелері» пайдалану вагон деполары
ВМД ГПВ	- жолдың вагон үлгісі - «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС вагон шаруашылығы департаменті
ЕҰ Жалпыға ортақ пайдаланылатын темір жолдар	- «Жолаушылар тасымалы» АҚ еншілес ұйымдары Поездарды қабылдау және жөнелту жөніндегі, жүктерді, багажды және жүк-багажды қабылдау және беру жөніндегі, жолаушыларға қызмет көрсету және сұрыптау және маневрлік жұмыстарды орындау жөніндегі операцияларды орындау үшін ашық темір жол станцияларының аумағындағы темір жолдар, сондай-ақ осындай станцияларды жалғастыратын темір жолдар
Жалпыға ортақ пайдаланылмайтын темір жолдар	Тікелей немесе басқа кірме жолдар арқылы Жалпыға ортақ пайдаланылатын темір жолдармен жанасатын және белгілі бір пайдаланушыларға шарт талаптарымен темір жол көлігі қызметтерін көрсетуге немесе өзінің қажеттіліктері үшін жұмыстар орындауға арналған темір жол кірме жолдары (соның ішінде жөндеу кәсіпорындарының жолдары)
Теміржол әкімшіліктері	- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер, Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы және Эстония Республикасы теміржол әкімшіліктері
ЗАК	- арнайы контингентті тасымалдауға арналған вагон

**Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулық**

2.0 редакциясы

19-беттің 5-беті

Компания	-	«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Тізімдеуші	-	Санақ парағын толтыру үшін жауапты санақ бригадасының мүшесі
«Үшінші» елдер	-	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Грузиядан, Латвия Республикасынан, Литва Республикасынан және Эстония Республикасынан басқа барлық елдер
СВ		Жайлылығы жоғары ұйықтайтын вагон
СЛ		Қызметтік вагон
СЛ/Т		Қызметтік-техникалық вагон
«үшінші елдер»	-	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден, Грузиядан, Латвия Республикасынан, Литва Республикасынан және Эстония Республикасынан басқа елдер
ТЦ	-	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық орталығы
Басшылық	-	«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы және оның орынбасарлары
РИЦ	-	РИЦ габаритті тұтас металдан жасалған вагон
ЦЛ филиалдары	өңірлік	- «Жолаушылар тасымалы» АҚ-тың «Северный» филиалы, «Южный» филиалы, «Западный» филиалы
ЦЛ		«Жолаушыларды тасымалы» АҚ
ЦДАЦ	-	«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы
Жеке тасымалдаушы/ меншік иесі	меншік	- Жолаушыларды, багажды тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген, тартым көлік құралдарын қоса алғанда, меншіктілік құқығында немесе өзге заңды негізде жылжымалы құрамға иелік ететін заңды тұлға
ЦМК	-	тұтас металдан жасалған купелі вагон
ЦМБП	-	тұтас металдан жасалған почта-багаждық вагон
ЦМО	-	ашық үлгідегі тұтас металдан жасалған вагон
ЦММО	-	отыруға арналған орындары бар тұтас металдан жасалған облысаралық вагон
ЦМР	-	вагон-ресторан
ЦМБ	-	тұтас металдан жасалған багаждық вагон

3 Санақты ұйымдастыру тәртібі

12. ТЦ ЦЛ-мен бірлесіп, осы Нұсқаулықтың ережелеріне сүйене отырып, санақ жүргізу бойынша дайындық жұмыстарын ұйымдастырады.

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 6-беті

13. Санақты ұйымдастыру, өткізу және қорытындыларын шығару тәртібі үшін ЦЛ жауапты болып табылады.

14. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағына сәйкес шешім негізінде, ЦЛ: осы Нұсқаулықтың ережелерін негізге ала отырып, жол бөлімшелеріндегі жергілікті жағдайларды ескере отырып, өңірлік филиалдарда және ЕҰ-да дайындық жұмыстарын ұйымдастырады;

өңірлік филиалдарда және ЕҰ-да жұмыс тобын құру туралы бұйрықтар шығарады және жауаптыларды тағайындайды. Жұмыс тобының құрамына статистика және жедел жұмыс блоктарына жетекшілік ететіндердің ішінен басшылар/орынбасарлар кіреді;

өңірлік филиалдар мен еншілес ұйымдарды санақ бланкілерімен дер кезінде қамтамасыз етеді;

Санақты ұйымдастыру, өткізу және қорытынды шығару мәселелері бойынша нұсқамалық кеңестер өткізеді;

Санақ жүргізеді және вагондарды Санақпен қамтудың толықтығын бақылайды;

Санақтың жедел нәтижелерін ЦДАЦ-ға және ТЦ-ға дер кезінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

15. Жұмыс топтарына:

санақ бригадаларын Санақ басталғанға дейін кем дегенде 5 күн қалғанда дер кезінде құру. ВЧД санақ бригадаларының құрамына енгізу үшін ГПВ-мен келісім бойынша ЦЛ өңірлік филиалдарының атына, өндірістен қол үзбей санаққа қатысу үшін, ВЧД өкілдері қатысушыларының және жауапты қызметкерінің тізімін жіберу;

Санақтың ұйымдастыру жоспарын әзірлеу, селекторлық кеңестер мен басқа да ұйымдастыру іс-шараларын өткізу, оларды «режимдік» кәсіпорындарға жіберуді қамтамасыз ету, қажет жағдайда, ірі темір жол тораптарында және жалпы пайдалану жолында, Санақ жүргізу орнына санақ бригадаларына жеткізу үшін автокөлікпен қамтамасыз ету;

өңірлік филиалдардың, ДО, учаскелердің, қатысты қызметтердің, желілік деңгейдегі бөлімшелердің басшыларымен, ВЧД өкілдерімен, сондай-ақ, қажет жағдайда, басқа тасымалдаушылармен/вагондар меншік иелерімен нұсқамалық кеңесті өткізу;

өңірлік филиалдарды дер кезінде Санақ бланкілерімен қамтамасыз ету; вагондарды Санақпен толық қамтуды және Санақ бланкілерін сапалы толтыруды қамтамасыз ету;

белгіленген мерзімдердің сақталуына бақылау жасау және Санақтың жедел нәтижелерін ЦЛ-ға дер кезінде ұсыну жүктеледі.

16. Санақты дер кезінде және сапалы қамтамасыз ету мақсатында, санақ бригадаларының құрамы мен саны жолаушылар поездарының қозғалыс графигіне сәйкес белгіленеді. Бригадалардың санына сүйене отырып, ЦЛ өңірлік

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 7-беті

филиалдарының басшылары алдын-ала қажет мөлшерде Санақ бланкілері мен кеңсе құралдарын дайындауға міндетті.

17. Санақ бригадалары жасақталғаннан кейін ЦЛ өңірлік филиалдарының басшылары санақ бригадаларына Санақ жүргізу тәртібі және теміржол жолдарында болған кезде жеке қауіпсіздік техникасының сақталуы туралы нұсқамалық беруге міндетті.

18. Нұсқамалық аяқталғаннан кейін, әр санақ бригадасы кем дегенде 10 вагонға арналған санақ бланкілерін заттай толтыруы тиіс, ал ЦЛ және ЕҰ өңірлік филиалдарының басшылары олардың толтыру дұрыстығын тексеруге міндетті.

19. Ірі темір жол станцияларының аумағын ЦЛ және ЕҰ өңірлік филиалдарының басшылары учаскелерге бөлуі, бригадирлерді тағайындауы және әр бригаданың әрекет ету аудандарын белгілеуі тиіс. Жалпы пайдаланбау жолдарында Санақ жүргізу кезінде санақ жүргізу тәртібі Санақ кезінде аумағында вагондар орналасқан кәсіпорындардың басшыларымен келісіледі.

20. Қалыптастырылған поездардың графигі бойынша үздіксіз жөнелту үшін және жолаушыларды отырғызу және түсіру үшін вагондарды дер кезінде беру үшін, ЦЛ өңірлік филиалдарының басшылары теміржол станциялары мен жалпыға ортақ пайдаланылмайтын жолдарда вагондар Санағын жүргізу жоспарын жасауға міндетті. Жоспар жөнелтуге дайындалған поездардағы вагондарды және өндірістік операциялар үшін берілетін вагондарды бірінші кезекте есептен шығаруды қамтамасыз ететін жұмысты ұйымдастыруды көздеуі тиіс.

21. Санақ жүргізу уақытына өңірлік филиалдардың және ЕҰ басшылары станциядағы вагондардың паркі бойынша салыстырып тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді, оның ішінде ақаулы вагондардың, металл сынықтарына бөлуді күтіп тұрған және мүкәммал паркінен шығарылған вагондардың болуын, олардың темір жолдарда орналасқан жерлерін нақтылайды.

22. Санақ жүргізу басталғанға дейін 5 күн ішінде вагондарды тасымалдауға дайындау пункттерінде, жөндеу пункттерінде жолаушылар вагондарының сыртқы бетін артық белгілерден, сондай-ақ вагондардың нөмірлерінен және басқа трафареттерден тазарту және олардың көрінуін қалпына келтіру ұйымдастырылады.

4 Санақ жүргізу тәртібі

23. Санақ «20__ жылғы санақ бойынша жолаушылар вагондарының тізімі» Санақ бланкісінде жүргізіледі. Оны толтыру және кодтау тәртібі осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Санақ бланкісі жай қарындашпен анық және қатесіз толтырылады.

24. Санақ бланкісін тираждауды ТЦ жүргізеді, ал ЦЛ өңірлік филиалдарына жіберуді ЦЛ жүргізеді.

25. ЦЛ және ЕҰ өңірлік филиалдарын дер кезінде Санақ бланкілерімен қамтамасыз етеді.

26. Санақ бланкілерінің қажет санын алғаннан кейін, өңірлік филиалдар және ЕҰ, 0001-ден бастап оларды дәйекті нөмірлеуді жүргізеді. Алынған барлық Санақ бланкілері Бланкіде арнайы белгіленген жерде қызыл сиямен нөмірленеді.

27. ЦЛ өңірлік филиалдарында Санақ бланкілері нөмірлерінің қайталануына жол бермеу үшін, реттік нөмірдің алдында ЦЛ өңірлік филиалының нөмірі қойылады.

ЦЛ «Солтүстік» өңірлік филиалында:

010001 – бірінші Санақ тізімі

010002 – екінші Санақ тізімі

010003 – үшінші Санақ тізімі және т.б.

ЦЛ «Оңтүстік» өңірлік филиалында:

020001 – бірінші Санақ тізімі

020002 – екінші Санақ тізімі

020003 – үшінші Санақ тізімі және т.б.

ЦЛ «Батыс» өңірлік филиалында:

030001 – бірінші Санақ тізімі

030002 – екінші Санақ тізімі

030003 – үшінші Санақ тізімі және т.б.

28. Санақтың нөмірленген бланкілері ЦЛ және ЕҰ өңірлік филиалдарының басшыларына беріледі.

29. Дайындалған Санақ бланкілері Санақ жүргізу тәртібі туралы және жеке қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалықтан кейін Санақ алдында Санаққа жататын вагондардың санына байланысты қажет мөлшерде санақ бригадаларына беріледі.

30. Санақ бланкісіне деректер заттай енгізіледі.

31. Санақ бригадасы вагонды, топты немесе вагондар құрамын екі жағынан тексереді. Тізімдеуші, вагонның, вагондар тобының немесе құрамының бір жағынан өтіп бара жатып, әр вагон туралы деректерді санақ бланкісіне екінші жағынан өтіп бара жатқан екінші қызметкердің айтуы бойынша жазады. Бұл ретте, Тізімдеуші, санақ бригадасы мүшелерінің бірі айтып жатқан вагон туралы мәліметтерді, өзі өтіп бара жатқан жағынан вагонға жазылған мәліметтермен салыстырады, және де, мәліметтер сәйкес келген жағдайда ғана оны Санақ бланкісіне енгізеді.

32. Тізімдеуші, Санақ бланкісінің бас бөлігінде «Тізімдеуші» деген жазумен белгіленген бағандарды ғана толтырады.

33. Санақ кезінде вагондардың орналасқан жері тиісті кодтың Санақ бланкісінің бас бөлігінің арнайы бөлінген жерінде қою (кодтау) арқылы көрсетіледі:

жалпы пайдалану жолдары - 1;

жалпы пайдалану жолдары - 2;

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 9-беті

жаңа құрылыс – 3.

34. Санақ бланкісінде вагон туралы мәліметтерді толтырғаннан кейін, вагонның екі жағынан шаршы түріндегі (қабырғаларының ұзындығы кем дегенде 25 см) Шартты белгі (№1 сурет) салынады, онда, шаршының ортасында, Санақ жылының соңғы екі цифры көрсетіледі. Бұл белгі осы вагонның Санақтан өткендігі туралы растау болып табылады.

35. Санақтың Шартты белгісі, санақ жүргізудің бүкіл кезеңіне сақталуын және анықтығын қамтамасыз ететін оның жақсы көрінуін міндетті түрде қамтамасыз ете отырып, вагон қабырғасының бүйір бетіне ғана салынады.

36. Қатаң тыйым салынады:

ол туралы деректер арнайы Санақ бланкісінде толтырылғанға дейін вагонға Санақтың Шартты белгісін қоюға.

вагонның бүйір беттеріне Санақтың Шартты белгісін қоюға.

Санақтың Шартты белгісін санақ аяқталғанға дейін жуыңыз.

әр түрлі орналасқан Санақ бланкілерін қолданыңыз. Мысалы, бір Арнайы Санақ бланкісіне станция жолында және жалпы пайдалану жолында, режимдік объектілерде және жалпы пайдалану жолында саналған вагондар туралы мәліметтерді енгізуге болмайды.

37. Вагон жөндеу кәсіпорындарының аумағында саналған, сондай-ақ жөндеуден Санақтан кейінгі 48 сағат ішінде шығарылатын вагондарда шығару алдында Санақтың Шартты белгілерін қалпына келтіру қажет.

38. Әр жеке жолдағы вагондар құрамындағы немесе тобындағы вагондарды есептен шығарғаннан кейін және олар туралы ақпараттың дұрыс енгізілуін тексергеннен кейін Санақ бланкісіне, вагондарда оны толтырған Тізімдеуші саналған вагондардың санын есептеуді жүргізеді.

39. Санақ бланкісінің бас бөлігінің арнайы бөлінген орнына толтырылған жолдардың саны қойылады, ол саналған вагондардың санына сәйкес келуі тиіс. Толтырылған жолдар ішіне дұрыс толтырылмаған (сызылған) жолдардың кірмейтінін есте сақтау керек. Сызылған жолдар теміржол станциясының мөртабанымен және теміржол станциясында санақ жүргізу үшін жауапты адамның қолымен куәландырылуы тиіс.

40. Санақ бланкісінің соңында олардың қолдарымен куәландырылған санақ бригадасы мүшелерінің лауазымдары мен тегі анық көрсетіледі.

41. Жалпыға ортақ пайдаланылмайтын жолдарда саналған барлық вагондардың Санақ тізімдері жауапты адамның қолымен және жалпыға ортақ пайдаланылмайтын жол иесінің (жалға алушының) мөрімен куәландырылуы тиіс. Толтырылмаған санақ бланкілеріне жалпыға ортақ пайдаланылмайтын жол иесінің (жалға алушының) мөрін қоюға тыйым салынады.


42. Техникалық парктерде, тұрақ жолдарында, учаскелік теміржол станцияларында, сондай-ақ құрастыру станциясына келіп жатқан поездарда барлық вагондарды санақпен толық қамтуды қамтамасыз ету мақсатында,

Жолаушылар паркi вагондарының заттай санағын жүргізу жөнiндегi үлгiлiк нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 10-беті

ауысым жұмыскерлерінің күшімен вагондарда вагон Санағының Шартты белгісінің болуын міндетті тексеру белгіленеді.

43. Әр құрастыру станциясында Санақтың Шартты белгілері жоқ вагондар санағын жүргізу үшін кем дегенде нөмірленген төрт арнайы Санақ бланкілерінің резерві құрылады.

44. Санақ бланкілерін ЦЛ-ге өңірлік филиалдар мен ЕҰ келесі анықтамамен жібереді: вагондарды жөнелту теміржол станциясының атауы, құрастыру станциясына келген күні мен уақыты, поездың нөмірі, хабарлама. ЦЛ, 2 күн ішінде құрастыру станциясында тұрған Санақтың Шартты белгілерінсіз вагондардың келуі себептері мен уақытын анықтайды, содан кейін осы вагондарды Санақ қорытындыларына қосады.



№1 сурет

5 Санақ материалдарын өңдеу тәртібі

45. ЦЛ өңірлік филиалдарында өңірлік филиал басшысының бұйрығымен Санақ бланкілерін тексеру, санау және кодтау функциялары жүктелген жұмыскерлер:

санақ бригадаларынан толтырылған Санақ бланкілерін қабылдайды, олардың қорытынды бөлімдерінің толтырылуы мен саналуының дұрыстығын тексереді;

Санақ бланкілерінің тақырыбындағы деректерді кодтайды;

Барлық Санақтың бланкілері өңделгеннен кейін, осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес, әр филиал бойынша №2 нысанды актілерді жасайды, оларға филиал басшысы қол қояды. №2 нысанды актісі саналған вагондардың саны мен үлгісін куәландыратын негізгі құжат болып табылады;

Саналған вагондардың электронды тізімдерін жасайды.

46. Толтырылмағандарын (санақ үшін құрастыру станциясында қалдырылған, Шартты белгілерсіз анықталған вагондарды қоспағанда) қоспағанда, барлық толтырылған Санақ бланкілері бар №2 нысанды акт, Санақ аяқталғаннан кейін 5 күн ішінде, өңірлік филиалдардың басшылары ЦЛ-ға жібереді.

47. ЦЛ барлық толтырылған Санақ бланкілерін өңдегеннен кейін, 5 күн ішінде, ЦДАД-қа анықтамалар түрінде келесі деректерді ұсынады:

Жолаушылар паркi вагондарының заттай санағын жүргiзу жөнiндегi үлгiлiк нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттiң 11-бетi

саналған вагондардың жалпы саны;
барлық өңірлік филиалдар бойынша саналған вагондардың электрондық форматтағы жалпы тізімі;
жалпыға бірдей пайдалану, жалпыға бірдей пайдаланбау жолдарында саналған вагондар;
ЦЛ және жеке тасымалдаушының/меншік иесінің меншікті вагондары.

6 Санақ қорытындылары

48. ЦДАЦ осы Нұсқаулықтың 47-тармағында көрсетілген анықтамаларды ЦЛ-ден алғаннан кейін 5 күн ішінде:

тізімде бірдей нөмірлі вагондардың болуын салыстырып тексереді, вагондар нөмірлерінің дұрыстығын тексереді. Салыстыру нәтижелері бойынша санақ станцияларын көрсете отырып, бірдей нөмірлі вагондардың, ТӘ тиесілі вагондардың және бақылау белгілері дұрыс емес вагондардың тізімдерін жасайды;

вагонның санақ станциясында болған күнін көрсетіп, файлды жасай отырып, станцияларда олардың бар екенін растау үшін, вагондар тізімдерін Санақ жүргізу кезеңі ішінде ВМД мұрағат деректері бойынша тексереді;

Санақ аяқталған сәтке, ЦДАЦ бекітілген АБД ВПП деректерімен бірге вагондар тізімдерін салыстырады және АБД ВПП-да тіркелген және вагондардың Санақ тізімінде жоқ вагондардың тізбесін, Санақ тізімінде бар және АБД ВПП-да жоқ вагондардың тізбесін жасайды.

49. Осы Нұсқаулықтың №3-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша жасалған файлдарды және вагондардың нөмірлік тізімдерін санақ материалдарының нәтижелерімен салыстырып тексеру үшін ТЦ мен ЦЛ-ға жібереді.

50. ЦЛ, алынған ақпаратты және ЦДАЦ ұсынған файлдарды ЦЛ меншігіндегі вагондар бойынша Санақ бланкісінде көрсетілген деректерімен, ал ТЦ, жеке тасымалдаушылардың/меншік иелерінің меншікті вагондары бойынша мұқият тексеруді қамтамасыз етеді.

51. Тексеру аяқталғаннан кейін, ЦЛ:

Санақ деректерін ЦДАЦ ұсынған деректермен салыстыру барысында анықталған вагондардың тізбесін жасайды, және де, Санақтың жалпы анықтамасына енгізеді;

ЦДАЦ ұсынған АБД ВПП қимасының құрылымы бойынша нөмірлік тізім жасайды, онда вагонның әр нөмірі бойынша, оның жалпы Санақта тексеру процесінде анықталмаған вагондарға санақта болмауының себебі көрсетіледі:

«тапсырылды» (басқа теміржол әкімшілігіне, портқа) – түйісу пунктiнiң (станциясының) кодын, тапсырылған күнін, поезд индексіні көрсетіп;

Компанияға «келіп түспеген» (басқа теміржол әкімшілігінен, порттан);

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 12-беті

«қайта нөмірленген» вагонның нақты нөмірі, қайта нөмірленген күні көрсетіліп;

«алып тастау дәрежесіне дейін бүлінген» – ВУ-25 нысанды вагонның зақымдалғаны туралы актілер ресімделген, бірақ вагондар санағы сәтіне АБД ВПП-дан шығарылмаған және олар бойынша теміржол әкімшілігімен – вагон иесімен немесе меншік иесімен өзара алмасу мәселесі шешілмеген вагондар үшін;

«жоғалған», түйісу пунктiнiң (станциясының) коды, қабылданған күні, поезд индексі көрсетілген;

«шығарылған» – қызмет ету мерзіміне жеткеннен кейін мүкәммалдан алынып тасталған.

52. ЦЛ, Санақтың қорытынды материалдарын (саналған вагондардың нөмірлік тізімі, №2 нысанды акт, санақ бланкілерін) ТЦ-ға жібереді.

53. Ұсынылған қорытынды материалдар негізінде, 7 күн ішінде, ТЦ: жолаушылар вагондарының барлық меншік иелері бойынша Санақта жоқ, АБД ВПП қимасы бойынша ұсынылған вагондардың қорытынды тізімді; осы Нұсқаулықтың №4-қосымшасына сәйкес вагондар Санағы материалдарын қабылдаудың қорытынды хаттамасын жасайды.

54. Санақ пен АБД ВПП қимасы деректері сәйкес келмеген жағдайда, қабылдау хаттамасы Санақ материалдарын қабылдау немесе пысықтауға жіберу, кейіннен пысықтау және оларды ТЦ-ға тапсыру туралы шешім қабылдау мақсатында, Компания басшылығында кем дегенде 10 күннен кейін қаралады.

55. Санақтан өтпеген жолаушылар вагондарына қатысты, жалпыға ортақ пайдалану жолдары бойынша жүруді шектейтін шаралар қабылданады.

56. Саналмаған вагондардың жүруіне рұқсатты қалпына келтіру және оларды жалпы Санаққа енгізу, осы вагонды тапқан вагон иесінің немесе тасымалдаушының ЦЛ атына берген өтінімі бойынша жүзеге асырылады.

57. ЦЛ түзету файлын жасайды және оны ТЦ атына ұсынады. Жалпы Санаққа енгізу өтінімін статистикалық есепке алуды және есептілікті жүзеге асыратын Компанияның құрылымдық бөлімшесімен келісу қажет.

58. Санақ нәтижелерін Компания басшылығы бекітеді.

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 13-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасы орынбасарының
2022 жылғы « 2 » қараша
№ 886-13 бұйрығымен бекітілген
Жолаушылар паркі вагондарының
заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулықтың
1-қосымшасы

поезд №, парк №, жол №

Станция мөрқалыбы

20__ жылғы санақ бойынша жолаушылар вагондарының тізімі ...

Станция: _____

Күні: _____

Тізім №:

Тізімдегі толтырылған

Кодтары:

жолдар саны	поездардағы	тұрған жері	
□ □ □ □ □ □	□ □	□	□

Р/б №	Вагонның 8-таңбалы №	Вагон үлгісі	Жасалған күні	Жұмыс істейтін жағынан арбаша №	Жұмыс істемейтін жағынан арбаша №	Меншік иесі
<i>Тізімдеуші</i>						
1						
2						
3						
4						
5						
6						
7						
8						
9						
10						

**Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулық**

2.0 редакциясы

19-беттің 14-беті

Кестенің (1-қосымшаның) жалғасы

Жол №	Вагон үлгісі Атауы	ЦМК	ЦМО	СВ	РИЦ	ЦММО	Өзгесі				Вагон-дар жиынтығы	
							барлығы	Соның ішінде:				
								ЦМР	ЗАК	СЛТ, СЛ		ЦМЕ, ЦМБП
1	Санақтан өткен барлық вагондар жиынтығы:											
							Тегі		Лауазымы		Қолы	

Санақ жүргізген бригада құрамы

Енгізілген ақпараттың дұрыс екенін растаймын:

ЦЛ өңірлік филиалының басшысы _____

Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу жөніндегі үлгілік нұсқаулық	
2.0 редакциясы	19-беттің 15-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасы орынбасарының
2022 жылғы « 2 » қараша
№ 886-13 бұйрығымен бекітілген
Жолаушылар паркі вагондарының
заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулықтың
2-қосымшасы

(станцияның, өңірлік филиалдың атауы)

**1520 мм жолтабанды жолаушылар вагондарының болуы туралы
№2 нысанды акт**

ЦЛ мен ЕҰ өңірлік филиалдары №2 нысанды актіні 1520 мм жолтабанындағы вагондарға жеке-жеке екі данадан жасайды:

оның нәтижелері санақ сәтінен вагондардың болуының есептілігін жүргізуге негіз болып табылатын станциялық болуы;

санақ сәтіне станциялық болуға енгізілмегендері.

Актіге ГПВ өкілдері мен ЦЛ өңірлік филиалының басшысы қол қояды және тізімдермен бірге ЦЛ-ге жеткізіледі.

ЦЛ-де барлық саналған вагондарға №2 нысанды жиынтық акт екі данада жасалады. Актілерге ЦЛ қол қойылады және мөрмен расталады. Санақ актісінің бір данасы ЦЛ-де қалады, екіншісі ТЦ-ге жіберіледі.

Санақ материалдарын өңдеу нәтижелері бойынша, қортынды, ЭВМ-нен алынған №2 нысанды акт үш данада жасалады, оларға ЦДАЦ қол қояды.

Санақ бланкілерін пайдалану (дана)

ЦЛ өңірлік филиалдары	Санақтан кейін қайтарылған бланктер				Ескерту
	толтырылған -дары	толтырылмаған -дары	бүлінгендері	барлығы	

Жолаушылар паркi вагондарының заттай санағын жүргiзу

жөнiндегi үлгiлiк нұсқаулық

2.0 редакциясы

19-беттiң 17-бетi

«Қазақстан темiр жолы» ұлттық компаниясы» акционерлiк қоғамы
 Басқарма Төрағасы орынбасарының
 2022 жылғы « 2 » *сәуiр*
 № *886/23* бұйрығымен бекiтiлген
 Жолаушылар паркi вагондарының
 заттай санағын жүргiзу
 жөнiндегi үлгiлiк нұсқаулықтың
 3-қосымшасы

Вагондар санағы бойынша ЦДАЦ деректерi (салыстырып тексергенен кейiн)

Жолдар №№	Вагонның түрi	ЦМК	ЦМО	СВ	РИЦ	ЦММО	Барлығы	Өзгелерi				Вагондар жиынтығы	
								соның iшiнде					
								ЦМР	ЗАК	СЛТ, СЛ	ЦМБ, ЦМБП		
1.	Жалпы қолда бары – санақ деректерi бойынша вагондардың барлығы:												
1.1	АБД ВПП бойынша есепте тұрғандары – вагондардың барлығы												
1.2	Санақ және АБД ВПП деректерiндегi айырмашылық: санақ бойынша көп (+) немесе аз (-)												

М.О.

(қолы)

(қолы)

**Жолаушылар паркі вагондарының заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулық**

1.0 редакциясы

19-беттің 18-беті

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқарма Төрағасы орынбасарының
2022 жылғы « 2 » қорықаруы
№ 886-43 бұйрығымен бекітілген
Жолаушылар паркі вагондарының
заттай санағын жүргізу
жөніндегі үлгілік нұсқаулықтың
2-қосымшасы

**20__ жылғы вагондар санағы материалдарын қабылдау
қорытынды хаттамасы**

		Барлығы	ЦМК	ЦМ О	СВ	РИ Ц	ЦММО	өзгесі	ЦМР	ЗАК	СЛ/Т, СЛ	ЦМБ, ЦМБП
ЖАЛПЫ ҚОЛДА БАРҒЫ	№2 нысанды акт бойынша											
	АБД ВПП											
	АБД ВПП-ға +, - №2 нысанды акт											

Саналған вагондардың нөмірлік деректері №2 нысанды актіде көрсетілген сандық қорытынды деректерге сәйкес келеді

Өкіл	Қолы	Т.А.Ә. (толық)	Лауазымы

Жолаушылар паркi вагондарының заттай санағын жүргiзу
жөнiндегi үлгiлiк нұсқаулық

1.0 редакциясы

19-беттiң 19-бетi

Библиография

[1] Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы №333 бұйрығымен бекітілген Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары.



БҰЙРЫҚ

2 ноября 2022 года

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 886 - ЦЗ

город Нур-Султан

Об утверждении Инструкции

В рамках упорядочивания системы учета пассажирских вагонов всех форм собственности, курсирующих по путям общего пользования железных дорог Республики Казахстан **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую Типовую инструкцию по проведению натурной переписи вагонов пассажирского парка.
2. Приказ от 14 мая 2021 года №360-ЦЗ «Об утверждении Инструкции» признать утратившим силу.
3. Контроль над исполнением настоящего приказа возложить на Главного инженера – Директора Департамента технической политики Котырева Б.К.

**Заместитель
Председателя Правления**



К.Альмагамбетов

Исп. Канафинова А.ТЦТС
Т.604204 (87016244325)

«Қазақстан темір жолы»
ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» акционерлік қоғамы



Акционерное общество
«Национальная компания «Қазақстан темір жолы»

Утверждена приказом
Заместителя Председателя Правления
акционерного общества
«Национальная компания
«Қазақстан темір жолы»
от « 2 » ноября 2022 года № 886-283

ТИПОВАЯ ИНСТРУКЦИЯ
по проведению натурной переписи
вагонов пассажирского парка

Редакция 2.0

Группа документов:	нормативно-техническая документация
Разработчик:	Технический центр
Ответственный за анализ и актуализацию документа:	Технический центр

Астана - 2022г.

Типовая инструкция по проведению натурной переписи вагонов пассажирского парка	
Редакция 2.0	Страница 2 из 19

Оглавление

1 Основные положения.....	3
2 Термины, определения и сокращения	4
3 Порядок организации Переписи	6
